


«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 14 621,89 млрд.¹ теңгені құрады.

Уәкілетті операторлардың инвестициялық портфельді басқарушыларға тапсыруы және өтініш берушілердің арнайы шоттарына есептеуі үшін БЖЗҚ орындаған БЗТ көлемі ағымдағы жылдың желтоқсан айында 15,0 млрд.теңгені құрады, 2022 жылдың басынан бері 896,3 млрд.теңгені, 2021 жылғы ақпаннан бастап бүкіл кезеңде 3,50 трлн. теңгені құрады.

Зейнетақы жинақтарын шешіп алулар көлемі, млрд.теңге



БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2022 жылға ағымдағы құны	01.01.2022 жылға үлесі	01.01.2023 жылға ағымдағы құны	01.01.2023 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	5 104,82	39,13%	7 270,16	49,72%	42,42%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	855,31	6,56%	812,16	5,55%	-5,05%
ХҚҰ	407,31	3,12%	370,94	2,54%	-8,93%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	18,19	0,14%	16,25	0,11%	-10,64%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	1 670,05	12,80%	1 666,98	11,40%	-0,18%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 046,62	8,02%	945,94	6,47%	-9,62%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	3,93	0,03%	5,51	0,04%	40,15%
PPN (құрылымдық ноттар)	10,70	0,08%	9,47	0,06%	-11,48%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	304,07	2,33%	246,54	1,69%	-18,92%
Депозиттер	251,71	1,93%	200,39	1,37%	-20,39%
ҚРҰБ депозиттері	127,00	0,97%	80,34	0,55%	-36,74%

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	434,40	3,33%	22,69	0,16%	-94,78%
РЕПО	215,74	1,65%			
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар)			2,06	0,01%	
Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:	3 028,36	23,21%	2 972,49	20,33%	-1,84%
Дамыған елдердің МБҚ	1 068,35	8,19%	1 069,24	7,31%	0,08%
Дамушы елдердің МБҚ	577,50	4,43%	547,83	3,75%	-5,14%
Сыртқы басқарудағы активтер	1 382,50	10,60%	1 355,43	9,27%	-1,96%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	13 046,57*	100,00%	14 621,89	100,00%	12,07%
Жасалған мәмілелер бойынша төлеуге міндеттемелер	431,64				
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	25,87		37,07		
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	13 504,08		14 658,96		8,55%

*431,64 млрд.теңге сомасына жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер есебімен

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (ҮТМ) 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша жылдық 11,0% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 12,6%, шетелдік валютада – жылдық 4,6%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 358,36 млрд. теңгеге ұлғайды және 7 270,16 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 49,72% құрады.

Есептік кезеңде 14,47 млрд.теңге сомасында ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылмады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 16,07% құрайтын 390,00 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,9%, АҚШ долларымен – жылдық 3,4% құрады.

Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 8,32 млрд. теңгеге азайды және 812,16 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 5,55% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде 80,66 млрд.теңге сомасына АҚШ МБҚ өтелді. Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары сатылмады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 4,61% құрайтын 82,66 млрд.теңге көлемінде қысқа мерзімді АҚШ МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 4,7% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 5,83 млрд. теңгеге азайды және 370,94 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,54% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 9,5%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Орташа алынған өтеу мерзімі 1,37 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 1,51 млрд. теңгеге ұлғайды және 200,39 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,37% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,1% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 80,34 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,55%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 15,66% орташа алынған кірістілікпен 184,04 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есептік айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 1,38 млрд. теңгеге азайды және 16,25 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,11% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде кері сатып алу аясында 1,89 млрд.теңге сомасына «DTJ» АҚ облигацияларының бөлігі сатылды.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады және сатылмады.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 53,83 млрд. теңгеге азайды және 1 666,98 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 11,40% құрады.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 11,0%, АҚШ долларына – жылдық 5,5% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 0,82 млрд.теңгеге ұлғайды және 945,94 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 6,47% құрады.

Эмиссия проспектісінде белгіленген мерзімдерге сәйкес жалпы сомасы 8,96 млрд.теңгеге «Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ ЕБ және «Банк ЦентрКредит» АҚ облигациялары бойынша негізгі қарыз өтелді, сондай-ақ қарастырылып отырған кезеңде 2,06 млрд теңге сомасына «ForteBank» АҚ облигациялары өтелді (төлем 30.12.2022 жылдан бастап 18.01.2023 жылға дейінгі кезеңде күтіледі).

Қарастырылып отырған кезеңде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жылдық 19,75% кірістілікпен 11,07 млрд.теңге көлемінде «Bank RBK» АҚ облигациялары сатып алынды. Есептік кезеңде ҚР ЕДБ облигациялары сатылмады.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,6% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 5,51 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,0% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 9,47 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,06% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 3,45 млрд. теңгеге азайды және 246,54 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,69% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде зейнетақы активтерінің валюталық үлесін кемінде 30% деңгейде ұстау мақсатында инвестициялық портфельді түрлендіру үшін Қазақстан қор биржасында 43,25 млн. АҚШ доллары сатып алынды.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

млрд. теңге

Валюта	01.01.2022 жылға ағымдағы құны	01.01.2022 ж. үлесі	01.01.2023 ж. ағымдағы құны	01.01.2023 ж. үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	8 770,15	67,22%	10 467,94	71,59%	19,36%
АҚШ доллары	4 267,46	32,71%	4 146,13	28,36%	-2,84%
Ресей рублі	8,41	0,06%	7,28	0,05%	-13,34%
Басқа валюта	0,55	0,00%	0,53	0,00%	-4,07%
Жиынтығы:	13 046,57	100,00%	14 621,89	100,00%	12,07%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2022 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық табыс көлемі 914,1 млрд. теңгені құрады.

2022 жылы әлем геосаяси шиеленіс пен инфляцияның өсуіне, сондай-ақ ғаламдық экономиканың құлдырау қаупіне байланысты жаңа сын-қатерлерге тап болды. Жоғары және тоқтаусыз инфляция жағдайында орталық банктер монетарлық саясатты қатаңдатуға мәжбүр

болды, бұл активтердің барлық кластары құнының төмендеуіне әкелді. Осылайша, мысалы, 2022 жылы MSCI World Index акциясының индексі 19,5%-ға төмендеді, АҚШ қазынашылық облигацияларының индексі 7,6%-ға төмендеді, корпоративтік облигациялар индексі 15,8%-ға төмендеді, дамушы нарықтардың облигациялар индексі 15,3%-ға төмендеді. Нәтижесінде теріс нарықтық қайта бағалау шетелдік және қазақстандық эмитенттердің облигациялары мен акцияларын қамтитын БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің құнының төмендеуіне әкелді.

Әлемдегі күрделі макроэкономикалық жағдайға қарамастан, қолданыстағы инвестициялық стратегия 2022 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің 6,55% мөлшеріндегі оң кірістілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берсе, көптеген халықаралық институционалдық инвесторлар активтерді басқарудың теріс нәтижелерін алып, елеулі шығындарға ұшырады.

Белгілі бір қысқа мерзімде алынған зейнетақы активтерінің кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші емес екенін атап өткен жөн. Зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық кеңістікпен сипатталады және сәйкесінше оларды инвестициялаудың негізгі мақсаттарының бірі ұзақ мерзімді кезеңде нақты кірісті алу болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы тұрғысынан кірістілік пен инфляция көрсеткіштерін ұзақ уақыттық кеңістікте қарастырған жөн.

Зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылғы сәуірден бастап 2022 жылғы желтоқсанға дейінгі кезең үшін жинақталған кірістілік 115,94% құрады. 2014 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі 9 жыл үшін жылдық мәнде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық 9,33% құрайды.

Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2022 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер	807,92
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	186,62
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар)	-93,36
Басқа кірістер (шығындар)	12,9
Жиыны:	914,08

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2023 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы деректер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен)	Орында луы (иә/жоқ)
	КЗТ ақшалай қаражат	0,01%	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	0,18%	иә
1	Қазақстандық эмитенттер:	70,61%	

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	49,72%	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	0,55%	иә
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	12,84%	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	7,34%	иә
1)	Борыштық бағалы қағаздар	5,92%	иә
2)	Үлестік бағалы қағаздар	0,05%	иә
3)	депозиттер	1,37%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің бірінші санатына кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,17%	иә
1.7	Қазақстан қор биржасының және (немесе) АХҚО биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,0%	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2	Шетелдік эмитенттер:	28,13%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	19,64%	иә
2.2.	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	4,07%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,0%	иә

2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	4,36%	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	0,00%	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,06%	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	0,12%	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың:	0,00%	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,0%	иә

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаздар эмитенті	Теңгемен номинал құны
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	390 000 000 000
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	82 657 750 000
ҚР ЕДБ облигациялары	KZT	«Bank RBK» Банкі» АҚ	11 069 293 000
Жиыны			483 727 043 000

6-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сату бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
Облигациялар	KZT	«DTJ» АҚ	1 886 700 000
Жиыны			1 886 700 000

7-кесте. Есептік айдағы бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу жөніндегі мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен өтеу сомасы
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	80 664 560 000
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	14 474 893 000
ҚР ЕДБ облигациялары	KZT	«Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ ЕБ	4 800 000 000
ҚР ЕДБ облигациялары	KZT	«Банк ЦентрКредит» АҚ	4 161 890 000
Жиыны			104 101 343 000